ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2026 жылғы 5 ақпан №7527-26-00-2/614 іс Алматы қаласы

Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында: судья Г.К.Бектурганова, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен, қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің «Жобаларды мемлекеттік ведомстводан тыс сараптау» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны («Мемсараптама» РМК)

ЖАУАПКЕР:
Айшова Жанылыс Барлыбаевна «First line trade» жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:
АПК-нің 267-4, 223-226-баптарын басшылыққа алып, судья

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің «Жобаларды мемлекеттік ведомстводан тыс сараптау» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны («Мемсараптама» РМК) жауапкер Айшова Жанылыс Барлыбаевна «First line trade» жеке кәсіпкерін мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы - қанағаттандырылсын.

Жауапкер Айшова Жанылыс Барлыбаевна «First line trade» жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Документ подписан: Бектурганова Г., 05.02.2026

Жауапкер Айпова Жанылыс Барлыбаевна «First line trade» жеке кәсіпкерінен мемлекет пайдасына 2 165 (екі мың бір жүз алпыс бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге тараптармен апелляциялық шағым, немесе прокурормен апелляциялық өтінішхат шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Алматы қаласы мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Алматы қалалық сотының апелляциялық сот алқасына беруге болады.

Судья Г.К.Бектурганова

Көшірме дұрыс.
Судья Г.К.Бектурганова

Сот шешімі 2026 жылдың 12 наурызында заңды күшіне енді.
Судья Г.К.Бектурганова

Документ подписан: Бектурганова Г. К., 05.02.2026